e-mail: kostanaytany@mail.ru www.kostanaytany.kz

Қостанай таңы

Облыстық газет 1922 ж. 25 маусымнан шыға бастады

10 шілде 2018 ж. сейсенбі № 78 (18726)

НҰРЛЫ ЖЕР

120 шаңырақтың шаттығы

Қасқырбай ҚОЙШЫМАНОВ

Астана күні мерекесінде баспаналы болғандардың қуанышына облыс әкімі Архимед Мұхамбетов ортақтасты. "Әуежай" шағын ауданындағы №23-24, №25-26, №30-31 тұрғын үйлер пайдалануға беріліп, 120 отбасы пәтер кілтіне ие болды. Баспана құрылысы "Нұрлы жер" бағдарламасы аясында жүзеге асқан. Мұнда пәтер кезегінде тұрған мемлекеттік қызметкерлер мен халықтың әлеуметтік тұрғыда осал топтары өкілдері қоныстанбақ. Салтанатты шарада тұрғындарды құттықтаған облыс әкімі қуаныш иелеріне көптен күткен пәтер кілтін тапсырды.

2-бет

Суретті түсірген Бағдат АХМЕТБЕКОВ.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ САСАТ

Тойға тарту: диірмен кешені ашылды

Қасқырбай ҚОЙШЫМАНОВ

Қостанайлық "Best Kostanay" ЖШС кезекті диірмен кешенін іске қосты. Ашылу салтанатына қатысқан облыс әкімі Архимед Мұхамбетовтің айтуынша, әлеуетті кәсіпорындар өңір дамуының басты көрсеткіші саналады.

– Аграрлы облыс үшін дәнді дақылдарды сақтап, қайта өңдейтін кәсіпорынның іске қосылуы аса маңызды шара. Еліміздің бас қаласының туған күнінде әлеуетті диірмен кешенін ашып отырмыз. Бұл серіктестік өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына үлесін қосып, аграрлы саланың дамуына зор септігін тигізеді. Біз де өз тарапымыздан қолдау көрсетуге әзірміз. Өйткені, Елбасы индустриялық-инновациялық даму бағдарламасының екінші бесжылдығында аграрлы салаға баса назар аударуды тапсырды. Келешекте "Best Kostanay" әлемнің үздік ұн экспорттаушыларының бірі болатынына сенеміз, – деді құттықтау сөзінде облыс әкімі.

Аталған кешен көлемі бойынша 1 300 тонна астықты сақтай алады. Бір күнде 250 тонна ұн шығаруға қауқарлы. Мұнда жоғары сұрыпты, бірінші, екінші сұрыпты ұн шығарады. Қондырғылардың барлығы Түркия елінен алынды.

– Қостанай елдегі астықты өлке саналады. Оның бидайының сапасы жоғары. Біз Швейцарияның Женева қаласында өткен сапа көшбасшылары арасында үздік танылып, "алтын" жүлденің иегері атандық.

2-бет

Суретті түсірген Б.АХМЕТБЕКОВ.

120 шаңырақтың шаттығы

1-бет

– Астана күні мерекесінде қостанайлықтар үлкен шаттыққа кенеліп отыр. Мемлекет басшысы ұсынған бағдарламаның арқасында тұрғындар баспанаға ие болды. Осы қарқынмен Қостанайды одан әрі гүлдендіріп, кеңейте түсеміз. Қазірдің өзінде "Береке" шағын ауданындағы тұрғын үй құрылысының жобалық-сметалық құжаттары әзір. Жоспар бойынша биыл "Әуежай" мөлтек ауданында 47 пәтер қолданысқа беріледі. "Юбилейный" шағын ауданында 52 үй өз иелерін күтеді, – деді Архимед Мұхамбетов.

Бұл күні баспаналы болғандардың бірі – Раушан Сүндетбаева. Ол пәтер кезегіне 15 жыл бұрын тіркелген. Қарияның жасы – 88-де. Өмірге 7 бала әкелген Раушан әжейдің айтуынша, әр баланың өз несібесі бар.

– Әулетіміз Астана күні мерекесінде кезекті қуанышына кенелді. Біздің отбасы үшін 2015 жыл да есте қалады. Осы жылы немерем Әсетті Елбасы үйлену тойымен құттықтап, үлкен теледидар сыйлаған еді. Әр баланың өз несібесі болады. Міне, облыс әкімі тапсырған бүгінгі пәтерде немерелеріммен бірге тұрамыз. Тоқсанға таяған адамға бұдан асқан бақыттың керегі жоқ, – дейді Раушан Сүндетбаева.

Айта кетейік, "Әуежай" шағын ауданында тұрғындардың игілігіне берілген үйлерді "РСУ-Сәулет" кәсіпорны салды. Жергілікті құрылыс материалдары пайдаланылған.

Суретті түсірген Бағдат АХМЕТБЕКОВ.

Журналистер байқауы жарияланды

"ҚазАқпарат" халықаралық ақпарат агенттігі мен Қытай Халық Республикасының Елшілігі "Бір белдеу, бір жол" бастамасы және "Нұрлы жол" бағдарламасы "Өзара тиімді өсім мен өркендеу траекториясы" тақырыбында байқау жариялайды. Конкурс "Бір белдеу, бір жол" бастамасының 5 жылдығына арналған.

Конкурстың мақсаты – Қазақстан Республикасы мен ҚХР арасындағы стратегиялық ынтымақтастықты одан әрі кеңейту. Конкурсқа бұдан бұрын жарияланбаған Қазақстан мен Қытай арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастың тарихы мен стратегиялық басымдықтарына, XXI ғасырдағы Ұлы Жібек жолының жаңғыруына, қазіргі әлемдегі Қазақстан мен Қытайдың гуманитарлық миссиясына арналған сараптамалық материалдар қабылданады. Конкурсқа Қазақстанның барлық азаматтары қатыса алады. Үздік материалдарды қабылдау және жариялау жұмыстары 2018 жылдың 23 мамырынан 31 шілдесіне дейін "ҚазАқпарат" ХАА сайтында жүргізіледі.

1-10 тамыз аралығында конкурстың нәтижелері жарияланады. Кейін жеңімпаздар анықталады. Түрлі номинациялар бойынша 19 жеңімпаз марапатталады. Конкурсқа түрлі жанрлардағы көлемі 10 мың белгіден аспайтын материалдар қабылданады. Конкурсқа ұсынылатын материалдар рецензияланбайды және қайтарылмайды.

Қазақ және орыс тілдеріндегі материалдар мына мекенжай бойынша қабылданады: Индекс 010000, Астана қ., Мәңгілік ел даңғылы 8, "Алтын орда" БО, "ҚазАқпарат" ХАА редакциясы ("конкурсқа" деген ескертпемен) немесе inform2018konkurs@gmail.com электрондық поштасы. Қосымша ақпараттарды мына телефондарға хабарласып біле аласыздар 8 (7172) 95 40 68, 95 40 45.

Тойға тарту: диірмен кешені ашылды

1-бет

Әлемнің 80-нен астам мемлекеті арасында "Best Kostanay" Қазақстан атынан қатысқан жалғыз компания болды, – деді "Best Kostanay" ЖШС басқарма төрағасы Нихат Жан.

Оның сөзінше, компания кейінгі сегіз жылда диірмен жұмысымен мықтап айналысып келеді. Саннан гөрі сапаға көңіл бөлетін серіктестік алдағы уақытта тағы бір диірмен кешенін ашуды жоспарлап қойды.

– Мына өздеріңіз көрген аумақтағы кешенді салуға қаншама күш кетті. Тақыр жерде жаңа комбинат көтердік. Жылдық өнім көлемін 60 мың тоннадан асырамыз деген жоспар қойдық. Жоғары технологиялы қондырғылардың сапасы жақсы. Бидайды жуып, тазалап, оны жақсы үгеді. Өнім неғұрлым сапалы болса, соғұрлым өтімділігі де жоғары болады. Бізден шыққан ұнның 95%-ы Қырғызстан, Өзбекстан, Түрікменстан, Тәжікстан, Ауғанстан, Әзірбайжан мемлекеттеріне экспортталады. Қалғаны ел аумағында саудаға шығарылуда, – деді ол.

Кешеннің жұмысы толығымен жоғары деңгейлі мультибасқару жүйесімен автоматтандырылған. Нихат Жанның сөзінше, бүгінде "Уно", "Хилал", "Хазинашаһ", "Мубарек", "Элит" ұндары алыс-жақын шетелдерде үлкен сұранысқа ие. Аталған өнімдердің сапасын жоғалтпай, оны арттырып отыру мақсатында Түркиядан қысқа мерзімге арнайы мамандар шақырылды. Олар жергілікті диірменшілерге жаңа технологияның қырсырын үйретпек.

Суретті түсірген Б.АХМЕТБЕКОВ.

ӨМІР САПАСЫ

"Жасыл" экономиканы жүзеге асыру – маңызды науқан

Шұға ҚОҢҚАБАЙ

Әлемнің көшбасшы 30 мемлекетінің қатарына қоршаған орта мен табиғи ресурстардың барынша бүлінбей өтуі аса маңызды мәселе. Бұл тұрғыда "Жасыл экономика" концепциясының орны айрықша. Біздің Қостанай өңірі де ауыл шаруашылығының тұрақты дамуы, энергияны үнемдеу мен оны арттырудағы тиімділік, электр энергетикасын дамыту, қалдықтарды басқару, ауаны ластауды азайту мен экожүйені сақтау жағынан бірқатар ауқымды жұмыстар атқаруда. "Қазақстан Республикасының "жасыл экономикаға" көшуі жөніндегі тұжырымдаманың Қостанай облысында іске асырылуы маңызды науқан. Бұл жөнінде аймақтық әкімдікте өңір басшысы А.Мұхамбетовтің жетекшілік етуімен және аудан-қала әкімдерінің онлайн қатысумен өткен селекторлық мәжілісте облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалану басқармасы басшысы міндетін атқарушы С.Қалиев баяндады.

Айта кету керек, экожүйені басқаруға табиғи аумақтарды айрықша қорғау (ТААҚ) құзырындағы орман, балық шаруашылықтары мен табиғат ананы қорғау міндеттері жатады.

– Қостанай облысы аумағының 1,2%-ы ғана орман ағаштарына тиесілі. Әкімдік құзырында 455,9 мың га мемлекеттік орман қоры болса, оның 230,8 мың гектарында жасыл желек өсіп тұр. Орман қорғау мекемелерін қаржыландыру жылдан жылға артып келеді. Атқарылған нәтижелі шаралардың арқасында өңірдегі орман көлемі 2013 жылдан бері 15,9 мың га артты, – деді С.Қалиев.

Көлемі 217 мың гектар болатын қылқан жапырақты орман алқабын авиациялық бақылау республикалық бюджеттен қаржыландырылады. Мамандар орманға негізгі қауіп өз-өзінен тұтанатын дала өртінен болатынын айтып отыр.

Тобыл-Торғай аймағында омыртқалы жануарлардың 401 түрі немесе Қазақстан фаунасының 57%-ы мекен етеді. Оларды ең шаруашылығы мекемелері бірнеше аумақ бойынша қорғауға алған. Бір қуантарлығы, соңғы он жылда аймақта жабайы аңдар саны бірнеше есеге артқан. Бұл рұқсатты аң аулау туризмінің дамуына өз септігін тигізуде екен. С.Қалиев облысымызға 500 шетелдіктің саятшылық құруға келгенін айтты.

Қазіргі таңда аймақтағы су көздерін ластанудан қорғау мен оның алдын алу өзекті мәселеге айналып отыр. Дегенмен өңірдегі Тобыл, Торғай, Тоғызақ, Құндызды өзендерінің кейбір елді мекендердегі бөліктері тазалаудан өткен.

"Саябақта сыра сатылмасын!"

Қасқырбай ҚОЙШЫМАНОВ

Қостанай облысының әкімі қаладағы әлеуметтік нысандардың жай-күйін бақылады. Архимед Мұхамбетов әуелі облыстық әкімдіктің алдындағы саябақты көрді. Бұл аумақ биыл наурыз айында "Саябақ 2018" ЖШС-не 10 жылға сенімді басқаруға берілген болатын. Серіктестік басшысы Амангелді Досжановтың айтуынша, осы жылы саябаққа жаңа аттракциондар, батуттар сатып алынды. Осы мақсатта 100 млн теңге бөлінген. Алайда, өңір басшысы басқа мәселеге тоқталды.

– Тұрғындар бос уақыттары болған кезде бірінші саябаққа келеді. Өздеріңіз білесіздер, бұл аумақта балалар көп жүреді. Бірақ, осы орталықтағы сыра сататын дүкендерді алып тастау керек. Салауатты өмір салтын насихаттаймыз деп жүрміз. Ал, сіздер мынадай нәрселерге жол бересіздер. Келесі келгенде сыра дүңгіршектері мына арада болмайтын болсын! – деп тапсырма берді Архимед Мұхамбетов.

Қала әкімі Базыл Жақыпов саябақта сыра сататын орындарды жақын арада алып тастауға уәде етті.

Мұнан соң облыс әкімі "Қостанай аулалары" бағдарламасымен жөнделген көшелерді, "Әуежай" шағын ауданындағы ұлттық-мәдени орталықты аралады. Сонымен қатар, өңір басшысына "Береке" мөлтек ауданындағы футбол манежінің құрылысы таныстырылды.

Суретті түсірген Бағдат Ахметбеков.

Ақ тілекпен – астықты алқаптан!

Жандос ЖҮСІПБЕК

Қазақ елінің құтты қазығына айналған Астана қаласының 20 жылдық мерейтойы елдің түкпір-түкпірінде дүрілдете думандалды. Алаш жұртының ортақ мерекесін қостанайлықтар да шат-шадыман көңіл-күймен атап өтті.

Дүбірлі думан ерке Тобыл жағалауынан бастау алды. Облыс орталығының тұрғындары мен меймандары таң ата салысымен осында қарай ағылғандай. "ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдығы" саябағының концерттік сахнасы әсем ән-күй төгіп тұрды. Қаз-қатар тігілген ақшаңқан шатырлар мен этноауыл да сән-салтанатымен көңіл баурап, көз тартады. Мұнда "QoIóner" аталатын шеберлер көрмесі, ұлттық салт-дәстүрлерді жаңғыртқан ұжымдар өнері ерекше тартымды. Қай маңда да көрер қызық көп болды. Дей тұрғанмен, мұның бәрі – күнге жоспарланған мерекелік шаралардың бастамасы, бір парасы ғана болатын.

Қостанайдағы Елорда тойын облыс әкімі А.Мұхамбетов өзі арнайы келіп бастап берді.

"Біз бүгін керемет мерекені атап өтіп отырмыз. Осыдан 20 жыл бұрын Елбасы жарлығымен Астана қаласы Қазақстанның бас қаласы болды. Елордамыз қазақстандықтардың бірлігі мен ынтымағының нышанына айналды. Ол – Тәуелсіздіктің төл перзенті. Астананың осынау жетістігінде еліміздің әр өңірінің еншілі табысы бар, оның қатарына Қостанай облысының дамуын да үлгі етіп қоса аламыз. Бүгін біз істеген еңбектің бәрі ертеңгі тарихқа айналады, ал сол ертеңіміздің қандай болмағы әрқайсымызға байланысты. Өйткені бірлік-береке арқылы ғана жаңа табыстарға жетеміз. Тек табанды да ақадал еңбекпен ғана өмірімізді жарқын ете аламыз", – деді ол құттықтау сөзінде.

Аймақ басшысы жүрекжарды лебізінен соң бірнеше ел азаматына Астана күні қарсаңындағы марапатын табыстады. Өңіріне мерекелік медаль таққандардың қатарында медицина қызметкерлері, ақындар, облыстық мәслихат депутаттары, еңбек ардагерлері және басқалары бар.

Ізінше, аймақ басшысы облыс орталығының басқа бөлігінде болып жатқан өзге де маңызды шараларға қатысуға жолға шықты. Ал, мұндағы қалың жұртшылық, думаншыл меймандар облыс өнерпаздарының "Астана – Еуразия жүрегі" атты керемет концертін, "Қалалар" аталатын спорт ойындарын, жазғы шаңғы тебуден өткен чемпионатты тамашалады.

Мерекелік бағдарламалардың екінші бөлігі сағат 19.00-де осы маңда, ашық аспан астында Астана туралы фильмдер көрсетілімімен жалғасты. Онда Елорданың бүгінгідей еңселену барысында кешіп өткен сындарлы жолы, тағдыршешті қадамдары дерек етілген фильмдерді көрермендер ықыласпен қабылдағандай. Қалың жұртшылық тағатсыз күткен қызық сағат 20.00-де басталды. "Астана – армандар қаласы" атты ауқымды мерекелік бағдарлама аясында Новосібір қаласынан келген "Шапито" цирк бағдарламасы назарға ұсынылды. Одан кейін аты аңызға айналған "Досмұқасан" тобы концерт берді. Іс-шара әдеттегідей ғаламат пиротехникалық шоумен аяқталды.

Суреттерді түсірген Бағдат АХМЕТБЕКОВ.

ТАҒАЙЫНДАУ

Басқармада – жаңа басшы

Қостанай облысы әкімдігінің еңбек инспекциясы жөніндегі басқарма басшысы болып Науырзым ауданының бұрынғы әкімі Талғатбек Дайыров тағайындалды. Ол осы басқарманы 2014 жылдан бері басқарған Максим Моргуновтың орнына келіп отыр.

Талғатбек Дайыров 1959 жылы Меңдіқара ауданында дүниеге келген. 1993 жылы Қарағанды кооператив институтын "экономика" мамандығы бойынша, 2001 жылы Челябі мемлекеттік университеті филиалын "заңгер" мамандығы бойынша тамамдаған. Еңбек жолын 1980 жылы Науырзым аудандық комсомол комитетінің нұсқаушысы болып бастаған. Кейін бизнес саласында, "Ауыл шаруашылығын қолдау қоры" АҚ-да еңбек етті. 2013 жылы Науырзым ауданының әкімі болып тағайындалды.

ЖАСТАР ІСІ

Жастарға жарқын болашақ

Қымбат ДОСЖАНОВА

Жуырда Ұзынкөл ауданында облыс әкімінің орынбасары Марат Жүндібаевтың төрағалығымен жастар істері жөніндегі облыстық кеңестің көшпелі отырысы өтті. Бұл туралы аталмыш өңірдегі жергілікті "Нұрлы жол" газеті хабарлады.

Жиынға барлық ауданның белсенді жастары мен әкімдері, үкіметтік емес ұйым мүшелері, жастар ресурстық орталықтарының өкілдері қатысқан. Облыс әкімінің орынбасары М.Жүндібаев пен аудан әкімі Қ.Әбішев кеңесті бастамас бұрын №1 Ұзынкөл орта мектебінің сандық робот құрастыруға арналған робототехника сыныбына кіріп шықты. Сыныптың алдағы оқу жылына дайындығымен танысып, жақында жөндеуден өткен мәдениет үйінің ғимаратын көріп шыққан. Басшылар аудандағы әлеуметтік нысандарды аралаған соң, көшпелі отырыстың жұмысына кірісті. Басқосуда облыстағы жастар саясатының мәселелері талқыланды.

– Аймақта мемлекеттік жастар саясатын қаржыландыру көлемі жыл сайын артып келеді. Қазіргі таңда бірнеше әлеуметтік жоба жүзеге асырылуда. Жастарды жұмыспен қамту мақсатында бірқатар шара атқарылды. Былтыр жұмыссыздық деңгейі 4,9 пайызды құрады. Өз кәсібін ашқысы келетіндерге қолдау көрсету шаралары да жүргізілуде, – деді облыстық жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқарманың басшысы Кенеш Әлімжанов.

Облыс әкімінің орынбасары М.Жүндібаев басқарма басшысына жұмысты әлде де күшейту қажеттігін тапсырды. Әсіресе қоғамда өз орнын таба алмай жүрген жастардың мәселесін шешу маңызды бағыттардың бірі болуы керектігін айтты. Сондай-ақ, жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейін төмендетіп, жас толқынға кәсіби бағдар беру, құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстарын міндеттеді.

Бүгінде Ұзынкөл ауданы халқының 3470-ін жастар құрайды. Мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыру мақсатында биыл жергілікті бюджеттен 4,5 млн теңге бөлінген. Жыл басынан бері аудан жастарының қатысуымен 50-ден астам іс-шара ұйымдастырылыпты.

Жас шабандоздың жеңісі

Қасқырбай ҚОЙШЫМАНОВ

Қостанай ауданының Заречный ауылындағы "Арғымақ" ипподромында облыстық ат спорты жарыстары өтті. Салтанатты ашылу рәсіміне жергілікті атқарушы билік өкілдері, ардагер спортшылар қатысты. Облыстық филармонияның әртістері концерттік бағдарлама ұсынды. Әуелі, жиылған жұртқа әуесқой спортшылар қыз қуу ойынын көрсетті, білектілер аударыспаққа шықты. Ал, көкпардың финалдық кездесуі Қостанай ауданы мен облыстық ІІД "Динамо" командасының арасында өтті. Жеңіс Қостанай ауданына бұйырды.

Сонымен, бұл жолғы аламан бәйгеден облыстың ашық чемпионатына Алматы, Қарағанды, Ақмола, Қызылорда, Ақтөбе облыстарынан арнайы күліктер әкелінді. Соңғы айналымдарға келгенде 16 жүйрік ішінен үздік үшеуі іріктелді. Мәре сызығын Жанкелдин ауданының "Алу" арғымағы кесті. Оның иесі Баеке Аманбай облыс әкімі Архимед Мұхамбетовтің қолынан Volkswagen Polo автокөлігінің кілтін алды.

– Бұл менің екінші ірі жеңісім. Осыған дейін Көкшетауда өткен жарысты жеңіп келдік. Бүгінгі жарыс басталарда қобалжығаным рас. Себебі, өңіріміздің мықты деген тұлпарлары әкелінді. Дегенмен, соңғы айналымдарда қамшы басар сәттен жаңылыспадым, – деді Баеке Аманбай.

Жас шабандозды ат спортына ағасы әкелген екен. Енді ол "Алу" атты тұлпарын республикалық жарысқа дайындап апармақ.

Суретті түсірген Бағдат АХМЕТБЕКОВ.

ДЕНСАУЛЫҚ

Облыстық балалар ауруханасының дәрігерлері үшін енді нәрестелерді және шала туған сәбилерді күтіп-бағу біршама жеңілдейтін болды. Себебі, "Аяла" қайырымдылық қоры "Өмір сыйлайық" атты жоба аясында аталмыш мекеме үшін жаңа медициналық жабдықтар сатып алыпты. Қостанайға арнайы келген қор мамандары медициналық қана емес, білім беру мекемелеріне де демеушілік жасады. Іс-шараға облыс әкімі А.Мұхамбетов пен "Аяла" қайырымдылық қорының медициналық жобалар жетекшісі Берік Дәржанов қатысты.

"Аяла" қайырымдылық қоры демеушілік жасады

Қарлығаш ОСПАНОВА

Жалпы, "Аяла" қайрымдылық қоры 2007 жылдан бері жұмыс істеп келеді. Қордың негізгі бағыты денсаулық сақтау және білім беру саласындағы мемлекеттік балалар мекемелеріне, соның ішінде ауруханаларға, перзентханаларға, шипажайлар мен сауықтыру орталықтарына, балалар үйлеріне, мектеп-интернаттарға, балабақшаларға көмек көрсету болып табылады. Шара барысында сөз алған облыс әкімі А.Мұхамбетов қор басшылығына өз алғысын білдірді.

– Астанамыздың 20 жылдық мерекесі қарсаңында елімізге танымал "Аяла" қайырымдылық қоры қостанайлықтарға ерекше сый жасап жатыр. Өздеріңізге белгілі, Елбасымыз денсаулық сақтау саласындағы қызметтердің сапасын жақсарту бойынша нақты тапсырмалар берген болатын. Сол тапсырмалар облысымызда орындалып жатыр. Нәтижесінде, өңірдегі көптеген медицина нысандарына күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Жаңадан медициналық құрылғылар да сатып алынып, денсаулық сақтау мекемелерінің материалдық-техникалық базасы нығайтылуда. Мәселен, ағымдағы жылы тек осы мақсатқа 2,7 млрд теңге қаржы бөлінді. Бірақ, ол да жеткіліксіз. Дегенмен, осы тұрғыда демеушілердің көмек қолын созып жатқаны да қуантады. Бүгін міне, сондай жарқын іске куә болып жатырмыз. Сондықтан, "Аяла" қайырымдылық қорына айтар алғысымыз шексіз, – деді облыс әкімі А.Мұхамбетов.

Иә, қордың демеушілігінің арқасында облыстық балалар ауруханасында ауыр жағдайдағы нәрестелер мен шала туған балаларды емдеу және күтіп-бағу барысында сыртқы ортаның оңтайлы жағдайларын жасауға арналған Amelie қарқынды терапия инкубаторы орнатылды. Құны 6 млн 700 мың теңге тұратын бұл инкубатор ауа температурасын және ылғалдылығын бақылаудың озық жүйесімен жабдықталған. Ал, құны 4 млн 460 мың теңге болатын Amenic ашық жан сақтау жүйесін дәрігерлер мерзімінен бұрын дүниеге келген сәбилердің және қалыпты салмағы бар ай-күні жетіп туған балалардың жансақтау іс-шаралары немесе кейінгі қарқынды терапия барысында оңтайлы температура режимін қамтамасыз ету үшін пайдалана алады. Сондай-ақ, қор облыстық балалар ауруханасына Amelix үш фототерапия шамын сыйға тартты. Жабдықтың құны 2 млн 940 мың теңге тұрады. Бұл аппараттың сәулесінің астында сары ауру туғызатын билирубин деңгейі жоғары сәбилерді ұстайды. Тиімділігі, емдеу дәрі-дәрмексіз жүргізіледі. Ал, М20 пациенттерінің екі мониторы (1млн 900 мың теңге) да инкубаторға және ашық жан сақтау жүйесіне қосымша алынып отыр. Бұл мониторлар қарқынды терапиядағы науқастардың өмірлік аса маңызды көрсеткіштерін бақылауға мүмкіндік береді.

– Жобаның жалпы құны – 16 млн теңге. Бұған біздің "Аяла" қайырымдылық қоры мен қатардағы қазақстандықтар демеушілік жасады. Олар Halik online banking және SMS (Билайн, Kcell, Activ, Tele2) арқылы ақша жинауға көмектесті. Сонымен қатар, адамдар "Эйр Астана" сату офистерінде, "Қағанат" асханалар желісінде, Mamma Mia мейрамханалар желісінде орнатылған арнайы бокстарда түрлі ақша сомаларын қалдырды. Қостанай облысында жұмыс істеу біз үшін маңызды. Дәрігерлер де, ұстаздар да қордың қызметіне өте жауапты қарайды. Біздің тәжірибеміз бойынша осыған дейін берілген жабдық ешқашан бос тұрған емес және бар қуатымен жұмыс істеуде. Осы орайда, аудандық медициналық және білім беру мекемелерінің белсенділігін ерекше атап өткіміз келеді. Мұндай бенефициарлармен жұмыс істей бергің келеді, – дейді "Аяла" қайырымдылық қорының медициналық жобалар жетекшісі Берік Дәржанов.

Шара барысында қор жетекшілері тек медициналық қана емес, білім беру мекемелеріне де демеушілік жасады. Мәселен, қаламыздағы №2 түзету мектеп-интернатына, №3 арнайы мектеп-интернатына, Арқалық және Лисаков қалаларындағы түзету мектеп-интернаттарына интерактивті тақталар тарту етті. Бұл жобаның жалпы құны 1 млн 990 мың теңге. Сонымен қатар, Сарыкөл ауданындағы Н.Дәулетова атындағы аудандық кітапханаға да жалпы сомасы 1 млн 536 мың теңге болатын балаларға арналған кітаптар сатып алып берді.

Су құбыры тартылуда

Хамитбек МҰСАБАЕВ

Батыр атындағы аудандағы Амантоғай және Үрпек ауылдық округтеріне "Ақбұлақ" бағдарламасы негізінде ауыз су құбыры тартылуда. Өткен жылы басталған бұл жұмыс биылғы жылы жалғасын тауып, аталмыш округтерде жұмыс қазір қызу жүріп жатыр. Амантоғай ауылдық округі бойынша ауыз су құбыры Амантоғай және Жалдама ауылдарына, ал Үрпек ауылдық округі бойынша Үрпек және Ағаштыкөл ауылдарына тартылуда.

Былтырғы жылы Амантоғай ауылында жоспарланған 480,793млн теңгенің 329,414 млн теңгесі игерілді. Биылғы жылы жоспарланған 151,379 млн теңгенің жұмысын таяу арада аяқтау алға қойылып отыр. Бұл жұмыстарды жүргізіп отырған бас мердігер "Аллюминстрой" ЖШС-і.

Ал, Үрпек ауылындағы су құбырын жүргізу үшін келісім-шарт бойынша мердігерлік жұмыстарға 504,952 млн теңге қаралды. Осының 157,625 млн теңгесі өткен жылы толық игерілді. Бас мердігер – Көкшетау қаласындағы "Инсект" ЖШС-і. Бұл серіктестік қазіргі күні жоспарланған 347,326 млн теңгенің қазіргі текті 193,054 млн теңгесін игеріп отыр.

Аманкелді ауданының орталығы Аманкелді селеосы мен онымен іргелес тұрған Есір ауылдарын ауыз сумен жабдықтауды жүргізу үшін бюджеттен биылғы жылға 555,555 млн теңге бөлінді. Бас мердігер Көкшетау қаласындағы "Инсект" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі. Келісім-шарт сомасының жалпы көлемі 882,688 млн теңге. Құрылыс жұмыстары таяуда басталғалы отыр. Егер осы жоспар жүзеге асырылатын болса, аудан орталығы Аманкелді және Есір ауылдарының халқы сапалы ауыз сумен қамтамасыз етілетін болады. Бұл жұмыс та "Ақбұлақ" бағдарламасы негізінде жүзеге асқалы отыр.

Жоспар бойынша аталмыш екі су құбыры да жақын арада пайдалануға беріледі. Қазір жұмыс қарқынды жүргізілуде.

Мемлекеттік қызмет кемшіліксіз болуы керек

Ұлт жоспары "100 нақты қадамның" кіріспесінде оның қоғам мен мемлекеттегі түбегейлі өзгерістерді қалыптастыратыны айтылған, олардың басты мақсаты – жүйелі проблемалардың сыртқы белгілерін жуып-шаю емес, оны емдеу.

Дамыған 30 елдің қатарына кіруге жол ашатын, кәсіби мемлекеттік аппараттың қалыптасуына бөгет болатын осындай жүйелі мәселелердің бірі – халыққа тиімді және адал қызмет ету идеясын құнсыздандыратын мемлекеттік қызметшілердің еңбекақы деңгейінің жеткіліксіз дәрежедегі бәсекеге қабілеттілігі.

Бұл – мемлекеттік аппарат қызметкерлерінің кәсіби дәрежесінің төмен деңгейінің және олардың жемқорлыққа ұшырау себептерінің бірі.

Мемлекет басшысының тапсырмасымен біз осы мәселені шешудің кешенді амалдарын қарастырдық.

Біріншіден, кадрларды іріктеу және жоғарылату барысында біліктілік тәсілі енгізілді. Маманның білім деңгейін ғана емес, сонымен қатар оның өз білімін күнделікті қызметте қалай қолданатынын және осыған қажетті дағдылары мен қабілеттерінің болуын анықтаудың маңыздылығымен келіспеу мүмкін емес. Нәтижелі жұмыскер болу үшін теориялық білім жеткіліксіз. Мысалға, көшбасшылық саласындағы маман әрқашан көшбасшы болуға қабілетті емес.

Екіншіден, мемлекеттік органдардың қызметшілерін бағалау жүйесін қайта қарастыру іске асырылды. Бұл жүйенің кемшіліктері айқын. Мемлекеттік қызметшінің атқаратын жұмысының нәтижелілігі оның ұйымның стратегиялық жоспарын жүзеге асыруға қосқан жеке үлесіне әділ баға беруге мүмкіндік бермейтін ресми көрсеткіштерге орай анықталды.

Біз маманның кәсіби қалыптасуын ғылымға негізделген тексеру жүйесін енгізу арқылы осы және басқа кемшіліктерді жойдық. Бұл жүйенің сапасы "Б" корпусының әкімшілік мемлекеттік қызметшілерін кешенді аттестаттау барысында сыналды.

Мемлекеттік қызметшілердің еңбекақысын олардың қызметінің нәтижелеріне байланысты көтеру Ұлт жоспарында көрініс тапқан түйінді міндеттердің бірі екендігі белгілі. Оны шешу Мемлекет Басшысының біздің барлық жұмысымыз халықтың табыс деңгейін арттыруға бағытталуы тиіс деген нұсқауы тұрғысында айрықша өзектілікке ие болады.

Ол үшін еңбекақы төлеудің жаңа жүйесі әзірленді, пилоттық режимде Агенттікте, Әділет министрлігінде, Астана қаласының және Маңғыстау облысының әкімдіктерінде енгізілді.

Ол екі бөліктен тұрады: **факторлы-балдық шкала** негізінде анықталатын "тұрақты" және бір жыл ішінде атқарған жұмыс нәтижелері бойынша кем дегенде 4 жалақыдан жоғары бонус төлеуге байланысты "ауыспалы".

Пилоттық жобаның мәні неде? Жаңа жүйенің үш айқындаушы факторы бар. Ол құзыреттілік пен жұмыс тәжірибесі, шешілетін міндеттердің ауыртпалық деңгейі және нәтижеге қол жеткізу үшін жауапкершілік деңгейі.

Аталған факторлар бойынша "ұпайлар" жиынтығы еңбекақы төлеудің жаңа кестесіндегі лауазымның орнын айқындайды. Ол 4 блокқа біріккен: жауапты хатшылар, аппараттардың басшылары мен комитеттердің төрағалары кіретін жоғары басқарушы, негізгі, жәрдем беруші және қосалқы.

Қызметінің тиімділігі ұйымның стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуі үшін түйінді болып табылатын негізгі салалық бөлімшелердегі жұмыс, әрине, жәрдем беруші және қосалқы құрылымдардағы жұмыспен салыстырғанда әлдеқайда жоғары төленетін болады.

Еңбекақы төлеудің жаңа жүйесін енгізу не береді?

Біріншіден, материалдық ынталандырудың пәрменді тетігі құрылады. Біз бірінші рет жұмыстың сипатына, ауыртпалық деңгейіне және тиімділігіне қарамастан, барлығы тең дәрежеде жалақы мен сыйақы алатын теңестірілген тәсілден бас тартамыз.

Мысалға, мемлекеттік органның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуде маңызды рөл атқаратын департаментінің сарапшысы, құжаттарды тіркеу мен жіберу бойынша міндеттерді атқаратын канцелярия бөлімінің маманымен бірдей еңбекақы алады. Біреуі тиімді басқарушылық шешімдерді тұрақты іздеумен айналысса, екіншісі әзірленген дайын алгоритм шеңберінде әрекет етеді. Сыйақыға байланысты жағдай да осындай. Яғни, әділеттіліктің негізгі қағидасы бұзылады.

Екіншіден, жаңа моделді қолдану аймақтардағы және орталықтағы мемлекеттік қызметшілердің жалақысындағы үйлеспеушілікті 70%-дан 10%-ға дейін түбегейлі қысқартуға мүмкіндік береді. Ол "орталық-аймақ-орталық" қағидасы бойынша кадрлар айналымы тетігін тиімді қолдануға мүмкіндік береді.

Үшіншіден, осы жолмен біз мемлекеттік қызметті әсіресе талантты жастар үшін еңбек нарығындағы тартымды, бәсекеге қабілетті ойыншы ретінде таныстыра аламыз. Бүгінгі күннің өзінде пилоттық органдардағы мемлекеттік қызметшілердің жалақысы екі есе артты.

Ол еңбекке деген қатынасты түбегейлі өзгертеді, яғни заманауи адамды жетістікке жетелейтін жасампаздық пен көшбасшылыққа шақырады.

Әрине, санаулы айлар ішінде мемлекеттік қызметшілерді материалдық ынталандырудың үздік моделі құрылады деп есептеу қателік болар. Сол себепті, бұл жобаны жүзеге асырудың барлық мәселелік жақтарын талдап, әрі қарай оны барлық мемлекеттік аппарат ауқымында іске қосу үшін пилоттық режимде енгізілді.

Пилоттық жобаның аралық нәтижелері қызметшілердің адал және тиімді еңбек етуге талпынысын, сонымен қатар бәсекенің артуын көрсетіп жатқанын атап өткен жөн. Өткен жылмен салыстырғанда кадрлардың ауысуы шамамен 3 есе азайды, ал Әділет министрлігінде ағымдағы жылы мемлекеттік қызмет жүйесінен бір де бір адам кетпеген.

Бір орынға жарияланған байқауға үміткерлер саны 55, ол мемлекеттік қызметтің тартымдылығы мен абыройының артуын дәлелдейді. Реформаның жоғары тиімділігінің маңызды көрсеткіштерінің бірі – пилоттық жобаны жүзеге асыруға қатысатын мемлекеттік органдардан сұрастырылған жұмысшылардың 95%, оның нәтижелеріне қанағаттануында.

Факторлық-балдық шкала шеңберінде жалақының артуына қарамастан ағымдағы жылы Агенттіктің штат санын толықтыруға мараторий жүргізу арқылы орталықта 30% және аймақтарда 10% оңтайландырдық, бұл орталық аппараттың орындаушылық сатысындағы қызметшілердің жалақысын 60%-ға, аймақтық департамент қызметшілерінің жалақысын 10%-ға арттыруға мүмкіндік берді.

Бұл бағыттағы келесі қадам кадр қызметтерінің жұмысын қолданыстағы "Е-қызмет" ақпараттық жүйесі негізінде жалпы қызмет көрсету орталығының үлгісіне ауыстыру болды.

Шетелдік және отандық тәжірибе көрсеткендей, жеке компаниялар мен мемлекеттік мекемелердің адамзаттық капиталы сапасын айтарлықтай арттыруға қол жеткізу, сонымен қатар HR-саясат саласында шығындарды азайту қызметкерлерді басқарудың интеграцияланған жүйесін құру арқылы қамтамасыз етіледі. Ол қызмет көрсету орталығының жалпыға ортақ модельдерінің бірі. Мысалы, Нидерландыда қызметкерлерді басқару саласында қызмет көрсететін осындай орталықты құру мемлекеттік мекемелердің аталған қызметті атқаратын жұмыскерлер санының 50 пайызға қысқаруына және 250 млн АҚШ доллары көлеміндегі қаражаттың үнемделуіне алып келді.

Қызметкерлерді басқарудың интеграцияланған жүйесінің жұмыс істеуі шеңберіндегі кадрлық іс-жүргізуді орталықтандыру мемлекеттік органдардың құрылымы мен қызметшілерін оңтайландырудың сапалы жаңа кезеңінің бастамасы болмақ. Біздің есебіміз бойынша, аталған модельді барлық мемлекеттік қызмет ауқымында қолдану кадр бөлімдерінің қызметкерлерін және жалақы төлеу бойынша бухгалтерлерді шамамен **4600** қысқартып, жыл сайын **5,5 млрд теңге** үнемдеуге алып келеді.

Оңтайландыру бойынша кешенді жұмыс мемлекеттік қызметшілердің еңбекақысының жаңа жүйесін енгізу бойынша жобаға қатысатын әкімдіктерде де жүргізілуде.

Осылай өзгертудің арқасында Астана әкімдігі басқармаларының саны 30-дан 21-ге дейін қысқарды. Артық басқарушылық құрылымдар оңтайландырылды, қосарланушылық жойылды. Агенттікке ұқсас қызметшілерді басқарудың бірыңғай қызметі, сонымен қатар бақылау саласында Бірыңғай орган құрылды. Халықпен кері байланыс құруға арналған "I-komek" бағдарламасы іске қосылды.

Маңғыстау облысында басқарушылық құрылымдарды оңтайландыру, бизнес-үрдістерді автоматтандыру жүргізілуде, аудандар қағазсыз құжат алмасу жүйесіне ауысуда.

Бақылау-қадағалау міндеттерінің қысқаруы, қосарланушы міндеттердің жойылуы, міндеттерді бәсекелі ортаға жіберу және әрі қарай цифрландыру мемлекеттік органдардың құрылымдары мен штат санының оңтайландырылуына, мемлекеттік қызметшілердің еңбекақысын арттыруға арналған қажетті қаржы қорының пайда болуына әкеледі.

Жалпы факторлы-балдық шкаланы енгізу бойынша жұмысты мемлекеттік органдарда шығындарды оңтайландыру есебінен қарастырылатын қаржының болуын есепке ала отырып, кезең-кезеңімен өткізу қарастырылған. Соның өзінде Президенттің 2007 жылғы 29 наурыздағы "Әкімшілік реформаны одан әрі жүргізу жөніндегі кейбір шаралар туралы" Жарғысына сәйкес еңбекақы төлеудің қолданыстағы қорының бюджетке қайтаруды қажет етпейтіндігін, яғни мемлекеттік органдардың теңгерімінде қалдырылатындығын ескертіп өткен жөн.

Баспаналы болу және зейнетақы тағайындау, балабақшаларда орындармен қамтамасыз ету, аймақтарда денсаулықты қалыпқа келтіру үшін жағдайлар жасау барысында жеңілдіктер ұсыну сөз болып отыр.

Мемлекеттік қызметшілердің әлеуметтік жағдайларын жақсартуға Мемлекет басшысының 5 әлеуметтік бастамасын, оның ішінде "7-20-25" бағдарламасын жүзеге асыру маңызды серпіліс бермек. "Қазақстанның тұрғын үй құрылыс банкі" АҚ-мен бірлесіп әскери қызметшілер мен арнайы органдардың қызметшілеріне арналған бағдарламалар сияқты әкімшілік мемлекеттік қызметшілерге арналған "5-5-25" ипотека мәселесін әзірлеу шаралары басталды.

Жаңа еңбекақы жүйесін қосқанда, мұның барлығы мемлекеттік қызметшілердің ынтасын айтарлықтай арттыруға мүмкіндік беретін болады.

Мемлекеттік қызметшілердің жалақысын орташа деңгейде екі есе арттыру бойынша реформаны толыққанды жүзеге асыру 220 млрд теңге қосымша қаржыны талап етеді. Қаражат мөлшері ауқымды, бірақ, оны тіпті бюджетке ауыртпалық түсірмей-ақ қарастыруға болады.

Аталған жұмыс Ұлттық экономика министрлігінде Агенттікпен бірлесе Мемлекет басшысының мемлекеттік органдар мен ведомстволық бағынышты ұйымдарды оңтайландыру мен нығайту туралы тапсырмасы аясында орындалып жатыр. Біз бастапқы кезеңде бос жұмыс орындарын қысқартуды дұрыс деп есептейміз. Олардың мөлшері шамамен 12 мың. Ол бірден 13 млрд теңгені бөлуге мүмкіндік береді.

Бағынысты ұйымдарды оңтайландыру тұрғысынан, олардың ұйымдық-құқықтық нысанын коммуналдық мемлекеттік мекемеден (КММ) коммерциялық емес акционерлік қоғамға (КЕАҚ) өзгерту тиімді шаралардың бірі болып табылады.

КЕАҚ форматында жұмыс істеудің негізгі артықшылығы – басқарудың икемділігі, бюджетті бөлудегі тәуелсіздік, қызметкерлерді бәсекеге қабілетті жалақымен қамтамасыз ету және қызметкерлер санын азайту мүмкіндігі.

Мысалы, осы өзгерістің нәтижесінде Астана әкімдігі Балалар үйінің басшылығы қаржы-шаруашылық қызметінің ашықтығын арттырды. Салдарынан 90 млн теңгеге үнемділік жасалып, өрт қауіпсіздігі жүйесін жетілдіруге, үй-жайларды жөндеуге және жылумен қамтамасыз ету инфрақұрылымын жақсартуға, биометриялық қол жеткізу жүйесін енгізуге бағытталған.

Ең бастысы, қолда бар бюджетпен қызметкерлердің жалақысын 3-4 есеге көтеру мүмкіндігі болды. Егер бұрынғы еңбекақы 33-тен 120 мыңға дейін болса, бүгінгі күні 120-дан 450 мыңға дейін жетіп отыр.

Жоғары ынталанған мемлекеттік қызметші, өзінің мансаптық және материалдық келешегінің тұтас және толығымен ұйымның мақсаттарын жүзеге асыруға қосқан өз үлесіне, әлеуеті мен жеке қасиеттеріне баға беруге тәуелді екеніне сенімді болған жағдайда өзінің абыройын бағалап, әрқашан өзінің кәсіби білімі мен дағдыларын дамытуға талпыныс жасайтыны ешбір күмән туғызбайды. Бұл – біздің атқаратын еңбегімізден күтілетін нәтиже.

Алик ШПЕКБАЕВ,
Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің төрағасы.

ТУҒАН ЖЕРДІҢ ТҰЛҒАЛАРЫ

Санамда Сәкең сөзі

Өз еңбегімен, ешкімнің демеу көмегінсіз өмірден жарқын жолын тапқан бір жан болса, ол Сәкең, белгілі журналист-жазушы, ғалым Сапабек Әсіпұлы деп білемін.

Алакөлде, әйгілі Қошқар бабамыз елінде дүниеге келсе де, ғұмырының біраз бөлігін қасиетті Торғай топырағының киелі бұрышы Жанкелдин ауданында өткізгенін білеміз. Әуелі Қостанай облыстық "Большевиктік жол" газетінің аудандағы тілшісі ретінде, кейін аудандық газеттің бас редакторы қызметінде болуы Сәкең өмірінің өрлеу, өсу, шыңдалу, азаматтық өрісінің кеңею кезеңі деп білемін.

Сәкең Торғайда аудандық газет редакторы кезінде ел ішінен талантты, жазуға бейім азаматтарды тани білді, газет жұмысына тартты. Олардың қатарында ақын Назарбек Бектемісов, журналист Тұрғынбек Шопанов, кейін елге танымал жазушы - журналистер легінен өз орындарын тапқан марқұмдар Сабыржан Шүкірұлы, Сағындық Мырқалиев, қазір көзі тірі Әмірхан Абдуллиндер болғанын ешкім жоққа шығара алмас.

Сәкең жаңашыл, тыным таппайтын ізденгіш те, ұйымдастырғыш тұлға еді.

Туған ел тарихына талай көрнекті тұлғалар берген Торғай елінің қандай бір жылт еткен жағымды жаңалығы болса, Сәкеңнің қаламының күшімен республика, облыс деңгейіндегі басылымдар бетінде жарқ ете қалушы еді. Аудан орталығын, қала берді ауылдарды абаттандыру, көгалдандыру ісі осы Сапабек ағаның редакторлық, аудандық комитеттің идеологиялық хатшылық кезеңінде қолға алынды.

Торғайдың Токин көшесіндегі бұрынғы редакция ғимаратының ауласында "Сапабек бағы" атанған тоғайшық әлі бар. Коммуналдық шаруашылық мекемесінің бағбаны Елеуіт деген жездеміз Сәкеңнің құрмет тұтатын досжар адамы еді. Өйткені, Сәкеңнің ойын жүзеге асырып Торғайды көкжелеңге бөлеуге көп еңбек сіңірген жан еді. Сәкең аудан орталығында болсын немесе ауылдарға шыққанда ел тарихы, Торғайдың бұрынғы заманда өткен тұлғалары туралы, ұлттық дәстүр мен қазақы тәрбие, ұлттық құндылықтар, мәдениет-әдебиет тақырыбына, бала тәрбиесіне қатысты, ең арғысы аула мен үйдің жабдығы мәселелері туралы тамаша мысалдар келтіре отырып насихат өрбітуден әсте жалықпайтын еді.

Жасыратыны жоқ, егер бойымызда осы айтылған мәселелер жөнінен пікір қалыптасып, оны елге жеткізу талпынысымыз болса, бұл да сол Сәкеңнен алған, көрген еліктеген жәйіміздің ұшқыны десек артық емес.

Сәкең әдебиетті, тарихты сүйетін жастарды қуаттап, әрі қолдап отырушы еді. Ептеп менің де кейбір кезеңде өзіне құрметпен қарайтын қалпымды сезді ме туған ағамыздай ілтипатпен қараушы еді. Ағайдың облыстық газетке ауысып кеткен кезі, мен онда "Албарбөгет" кеңшарында партком хатшысы кезім. Жанында Нұрхан Ахметбековтың ұлы Мәлікзада ағамыз бар үйге келді.

– Орекен, мен мынау Нұрхан ағамыздың ақындық жолы туралы ғылыми жұмыспен айналысып жүрмін, елдегі Нұрхан ақын жөніндегі әңгіме кеңестен хабарың барлығын білемін, кәдеге жараса пайдаланайын, не білесің? – деді.

– Ойбай, аға-ау, менің ақын аға туралы білетіндерім баспасөз бетіне жариялауға келмейтін дүниелер, – деп ғалым аға мен ақын баласына ел аузында жүрген Нұрекең туралы екі-үш күлдіргі жәйттерді айтып, мәз қылғаным бар. Сәкең Қостанайда тұрғанда, онда қолында кемпірі дүниеден өткен кез Әсіп ағамыз бар, (Әсекең менің әкем Алматтан көп кіші) Гүлжиһан екеуміздің қонақ болып Фариға жеңгеміздің ықыласниетіне тойғанымыз бар. Сәкеңнің қарындасы Салиха менің жас кезімнен, комсомолдық дәуіріміздің досым Дәрмен Кәкішұлының жары болды. Ал, Тойкен қарындасымыз мен аудан комсомолының жетекшісі кезінде қарамағымда жұмыс істеді. Сәкеңнің бір қасиеті қазақы қалыппен құрдас-замандастарымен қатты сыйласып, әзіл-қалжыңы жарасып тұратын. Торғай елінде абыройлы жұмыс істеген Сәкен Қосмұхамбетов ағамызбен әзілі жарасқан жандар еді. Сол Сәкен Таңатарұлы "Торғай" кеңшарының "Құмкөл" деген бөлімшесіне жұмыс сапарымен барса, сол ауылда бір отар қойдың иесі егделеу татар әйелі екен. Шаруашылықты аралап жүрген халықтық бақылаудың төрағасы, Бюро мүшесі Сәкеңнен әлгі татар әйелі: Сіз кімсіз, – деп жөн сұрайды ғой.

Сәкең: "Мен Фариғаның (Сапабек ағаның жұбайы, татар қызы, аудандық ветлаборатория бастығы боп жұмыс істейтін кезі) байымын", – дегенде, әлгі шопан-татар әйелі:

– И, Алла, анда келіп бір қара қазақ та Фариғаның байымын деп иде, инды мынасы да килеп Фариғаның байымын диділар шунда Фариғаның ниша байы булғаны, – дейтін көрінеді. Мұны кейін Сәкен Таңатарұлы өзі елге жайып жіберген еді.

Сапабек ағаның Фариға жеңгемізбен өмірі шатты да тату-тәтті өткенін, өмірге алтын асықтай Сәкең жолын қуған інілеріміз келгенінен хабардармыз. Жеңгеміздің барында елге бір сапары кезінде аға-жеңгеміз үйде болып біраз арқа-жарқа болғанымыз бар. Сәкеңнің бір жақсы көретін жақын інісі Орынбасар менің студенттік, комсомол қызмет кезіндегі сыйласқан, күні осы кезге дейін туыстай араласқан досым. Орынбасардың отбасында болған қуаныш жиындарда ағамызбен жанында кейінгі жеңгеміз бар тағы да бірнеше дәмдес болған кездеріміз бар. Сәкеңді аялап, үлкен құрметпен бар жағдайын жасап отырғанына көңіл толып еді. Міне, соның арқасында Сәкең көп адамның қолына тие бермейтін тоқсаныңды да игеріп тастап ғасырға аяқ басқан қалпы бартын. Қазақ халқының болашағы, оның ең құндысы – жер туралы ешкімнен қаймықпай ұлт сөзін айта білген ағаның есімі ел жадынан еш сөнбейтініне кәміл сенемін.

Орекен АЛМАТ,
Жанкелдин ауданының құрметті азаматы.

Арқалық қаласы.

РЕДАКЦИЯҒА ХАТ

Біздің айтарымыз...

Біз бұқаралық ақпарат беттерінде жарияланған, әлеуметтік желіге жүктелген келеңсіз жағдайды көре, ести отырып, өз пікірімізді жеткізгіміз келді. Қаншама игі істермен ерекшеленіп, ел сенімін ақтар ағаларымыздың ерен еңбектерімен танылған Меңдіқара өлкесінің атына жағымсыз сөз айтылып жатса қай-қайсымыздың да жанымыз жабырқап қалатыны анық.

Соңғы кезде Мырзахан Ерханов сынды азаматымыз қызметке бола, өзінің пенделік пиғыл-әрекетімен республикалық баспасөз бен әлеуметтік желілерде "әділдік іздеген батыр" болып көрінуге ұмтылуда. Өзімен сөйлескен кісілердің сөзін ұялы телефонға жазып алып, оны "куә" материалы ретінде жауапты органдарға көлденең тартуы – халық сенген басшыға лайық іс емес. Жоғары лауазымда отырған әрбір тұлға осындай әрекетке барып, өзінің қара басының мүддесін қорғаса, бүгінгі халықтың мүддесін кім қорғайды? Еліміз татулығы мен ынтымағының арқасында әлемге танылып жатқанда, өз ішімізден бір-біріміздің аяғымыздан шалып, әлсіз тұсымызды іздеу бізге тән қасиет пе? Елбасымыздың өзі Қазақстанды мәңгілік ел етемін деп халық игілігі үшін тынымсыз еңбек етсе, ішімізден бір-бірімізді жау санаған осындай әрекет келешегіміздің гүлденуіне балта шаппайды ма?

Халық үшін еңбек етем деген адам бақытты жоғары қызметтен іздемейді. Адам барды бағалай білу керек. Іскерлігін таныған басшылардың өзі жұмыссыз қалдырмас еді. Іскер, қабілетті адам қашанда өзінің мықтылығымен жеңіске жетеді. Алайда, осындай әрекетпен емес, ақылмен дәлелдейді. Кешегі өткен Абайдың өзі әкесі әкім бол дегенде ақындықты жанына серік етті емес пе. Халықтың мұң-мұқтажын жырлап, жоғын жоқтау азаматтық парызым деп санады.

Әріне, әркімнің таным-түсінігі әртүлі. Бәлкім, бірі дұрыс, бірі бұрыс дер. Осыдан кейін жастарға қандай тәрбие бермекпіз. Мақтан тұтып, ауасымен терең тыныстап отырған жерінің аты әлеуметтік желілерде жағымсыз оқиғалармен ұштасып жатса, арқа сүйер ағалары бірін-бірі аяқтан шалып жатса келешек қандай болмақ?

Ойланбай істеген әрбір әрекетімізден бармағымызды тістемейтін болайық!

Меңдіқара ауданының ардагерлер кеңесі мүшелерінің атынан

С.ЕРКЕНОВ,
Меңдіқара ауданының ардагерлер кеңесінің төрағасы.

Бүлдіршіндер жүлделі оралды

Шұға ҚОҢҚАБАЙ

Қостанайлық 6-8 жас аралығындағы 5 бүлдіршін Араб Әмірліктерінің Дубай қаласында ментальдық арифметикадан өткен халықаралық олимпиададан жүлделі оралды.

Олимпиадаға 10 елдің 24 мектебінен 350-ден аса оқушылар жиналды. Қостанай қаласындағы жылдам оқу және балалардың интеллектін дамыту мектебінде ментальдық арифметикамен айналысатын 5 бала бағын сынап көруге Дубайға жолға шыққан болатын.

– Біздің балалар шетінен дарынды. Олар облыс орталығындағы ең озат мектептерге барады. Ал біздің мектепке оларды ата-аналары баланы одан әрі дамыту үшін берген болатын, – дейді жылдам оқу және балалардың интеллектін дамыту мектебінің мұғалімі Шолпан Нұрқанова.

Олимпиадаға барған Азат Қожахметов, Богдан Тен, Дария Шумурова, Томирис Кален, Злата Кониенко бүлдіршін болса да өздерінің ұстамдылығымен, тапсырманы еркін білуімен таңқалдарды. Олар өз санаттарында сынға түсіп, жер шарының әр шалғайынан келген құрбыларынан әлдеқайда басымдық танытқан. Барлығы да екінші орынды жеңіп алды.

– 350 баланың ішінен екінші орын алу деген сөз біздің оқушылар үшін зор жетістік. Алдағы уақытта өзге де осындай үлкен жарыстарға дайындаламыз. "Ментальдық арифметика балаға ешнәрсе бермейді" деген пікірлерді естіп қаламыз. Бұл баланың жадын жаттықтырады әрі дамытады, – дейді Шолпан Нұрқанова.

Жүлдегерлердің ата-аналары алыс жолға кішкентай балапандарын жіберуге жүрексініп, өздері оларға демеушілік жасап, еріп барды.

Арқалық қаласы әкімінің аппаратында 2018 жылдың ұшінші тоқсанында жеке тұлғалардың және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдау кестесі

Күзенбаев Э.Қ.	**Әкім**	**11.07.2018**	**18.07.2018**	**25.07.2018**			**11.00-12.00**	**Абай д.,29-801**
Әубәкіров Т.Ғ.	Әкім орынбасары	12.07.2018	19.07.2018	26.07.2018			15.00-16.00	Абай д.,29-701
Мусин И.Ғ.	Әкім орынбасары	12.07.2018	19.07.2018	26.07.2018			15.00-16.00	Абай д.,29-707
Хамзин Д.Н.	Әкім орынбасары	13.07.2018	20.07.2018	27.07.2018			15.00-16.00	Абай д.,29-703
Бралин Б.С.	Аппарат басшысы	13.07.2018	20.07.2018	27.07.2018			15.00-16.00	Абай д.,29-811
Күзенбаев Э.Қ.	**Әкім**	**01.08.2018**	**08.08.2018**	**15.08.2018**	**22.08.2018**	**29.08.2018**	**11.00-12.00**	**Абай д.,29-801**
Әубәкіров Т.Ғ.	Әкім орынбасары	02.08.2018	09.08.2018	16.08.2018	23.08.2018	30.08.2018	15.00-16.00	Абай д.,29-701
Мусин И.Ғ.	Әкім орынбасары	02.08.2018	09.08.2018	16.08.2018	23.08.2018	30.08.2018	15.00-16.00	Абай д.,29-707
Хамзин Д.Н.	Әкім орынбасары	03.08.2018	10.08.2018	17.08.2018	24.08.2018	31.08.2018	15.00-16.00	Абай д.,29-703
Бралин Б.С.	Аппарат басшысы	03.08.2018	10.08.2018	17.08.2018	24.08.2018	31.08.2018	15.00-16.00	Абай д.,29-811
Күзенбаев Э.Қ.	**Әкім**	**05.09.2018**	**12.09.2018**	**19.09.2018**	**26.09.2018**		**11.00-12.00**	**Абай д.,29-801**
Әубәкіров Т.Ғ.	Әкім орынбасары	06.09.2018	13.09.2018	20.09.2018	27.09.2018		15.00-16.00	Абай д.,29-701
Мусин И.Ғ.	Әкім орынбасары	06.09.2018	13.09.2018	20.09.2018	27.09.2018		15.00-16.00	Абай д.,29-707
Хамзин Д.Н.	Әкім орынбасары	07.09.2018	14.09.2018	21.09.2018	28.09.2018		15.00-16.00	Абай д.,29-703
Бралин Б.С.	Аппарат басшысы	07.09.2018	14.09.2018	21.09.2018	28.09.2018		15.00-16.00	Абай д.,29-811

Жеке қабылдауға алдын ала жазылу **№104** кабинетте жүргізіледі.
Байланыс телефоны: **7-02-32.**
Қала әкімі аппаратының мекен жайы: **Арқалық қаласы, Абай даңғылы, 29.**

График приема физических и представителей юридических лиц в аппарате акима города Аркалыка на третий квартал 2018 года

Кузенбаев Э.К.	**Аким**	**11.07.2018**	**18.07.2018**	**25.07.2018**			**11.00-12.00**	**пр.Абай, 29-801**
Аубакиров Т.Г.	Заместитель акима	12.07.2018	19.07.2018	26.07.2018			15.00-16.00	пр.Абая, 29-701
Мусин И.Г.	Заместитель акима	12.07.2018	19.07.2018	26.07.2018			15.00-16.00	пр.Абая, 29-707
Хамзин Д.Н.	Заместитель акима	13.07.2018	20.07.2018	27.07.2018			15.00-16.00	пр.Абая, 29-703
Бралин Б.С.	Руководитель аппарата	13.07.2018	20.07.2018	27.07.2018			15.00-16.00	пр.Абая, 29-811
Кузенбаев Э.К.	**Аким**	**01.08.2018**	**08.08.2018**	**15.08.2018**	**22.08.2018**	**29.08.2018**	**11.00-12.00**	**пр.Абай, 29-801**
Аубакиров Т.Г.	Заместитель акима	02.08.2018	09.08.2018	16.08.2018	23.08.2018	30.08.2018	15.00-16.00	пр.Абая, 29-701
Мусин И.Г.	Заместитель акима	02.08.2018	09.08.2018	16.08.2018	23.08.2018	30.08.2018	15.00-16.00	пр.Абая, 29-707
Хамзин Д.Н.	Заместитель акима	03.08.2018	10.08.2018	17.08.2018	24.08.2018	31.08.2018	15.00-16.00	пр.Абая, 29-703
Бралин Б.С.	Руководитель аппарата	03.08.2018	10.08.2018	17.08.2018	24.08.2018	31.08.2018	15.00-16.00	пр.Абая, 29-811
Кузенбаев Э.К.	Аким	**05.09.2018**	**12.09.2018**	**19.09.2018**	**26.09.2018**		**11.00-12.00**	**пр.Абай, 29-801**
Аубакиров Т.Г.	Заместитель акима	06.09.2018	13.09.2018	20.09.2018	27.09.2018		15.00-16.00	пр.Абая, 29-701
Мусин И.Г.	Заместитель акима	06.09.2018	13.09.2018	20.09.2018	27.09.2018		15.00-16.00	пр.Абая, 29-707
Хамзин Д.Н.	Заместитель акима	07.09.2018	14.09.2018	21.09.2018	28.09.2018		15.00-16.00	пр.Абая, 29-703
Бралин Б.С.	Руководитель аппарата	07.09.2018	14.09.2018	21.09.2018	28.09.2018		15.00-16.00	пр.Абая, 29-811

Предварительная запись на личный прием проводится в кабинете **№ 104,**
контактный телефон: **7-02-32.**
Местонахождение аппарата акима города: **г.Аркалык, пр.Абая, 29.**

"АккордКапитал" МҚҰ" ЖШС
Қостанай қаласындағы филиал мекенжай
өзгергені туралы хабарлайды.
Мекенжайы:
Қостанай қаласы, Чехов к-сі, 105 А үй, 112 офис.

Қостанай облысы әкімдігінің "Әкімдіктің 2010 жылғы 1 маусымдағы №207 "Қостанай облысының жергілікті маңызы бар Тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімін бекіту туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы" қаулысының жобасы Қостанай облысы әкімдігінің ресми порталының құқықтық актілер тарауында www.kostanay.gov.kz орналыстырылған.

Проект постановления акимата Костанайской области "О внесении изменения в постановление акимата от 1 июня 2010 года №207 "Об утверждении Государственного списка памятников истории и культуры местного значения Костанайской области" размещен на официальном портале акимата Костанайской области, в разделе нормативные-правовые акты www.kostanay.gov.kz.

Қостанай облыстық мәслихатының **"Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде 2018 жылы ағаш шырындарын дайындау және жанама орман пайдалану үшін төлемақы мөлшерлемелерін бекіту туралы"** шешімінің жобасы Қостанай облыстық мәслихатының **http: maslikhat.kz,** Басқарманың kostanay-priroda.kz ресми сайттарында және "Ашық НҚА" (egov.kz) орналасқан.

Проект решения Костанайского областного маслихата **"Об утверждении ставок платы за заготовку древесных соков и побочные лесные пользования на участках государственного лесного фонда на 2018 год",** размещен на официальном сайте Костанайского областного маслихата **http: maslikhat.kz,** Управления kostanay-priroda.kz и "Открытых НПА" (egov.kz)

"Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің Қостанай облысы бойынша департаменті" РММ-нің мемлекеттік қызметшілерімен Мемлекеттік қызметшілердің әдеп кодексін және "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасы заңын бұзу фактілері туралы 8(714-2) 50-37-47 сенім телефонына хабарласа аласыздар.

По фактам нарушения Этического кодекса государственных служащих и Закона Республики Казахстан "О противодействии коррупции" государственными служащими РГУ "Департамент Комитета труда, социальной защиты и миграции по Костанайской области" обращаться по телефону доверия 8(714-2) 50-37-47.

Туляремияның алдын алған тиімді

Туляремия – қоздырғышының таралу механизмі әр түрлі болып келетін табиғи ошақты клиникасында интоксикациямен, қызбамен, лимфа түйіндерінің және басқа жүйелердің зақымдануымен жүретін, зоонозды жедел инфекциялық ауру.

Туляремияны тарататын қоздырушылар-жабайы кеміргіштер, соның ішінде су және қарапайым сұр тышқандар, үй тышқандары, құндыз, аламандар, қояндар. Тасымалдаушылар – қан сорғыш буынаяқтылар, кенелер (әсіресе иксодты) және қосқанатты жәндіктер (масалар, соналар). Адамдар бұл дертті ауырған кеміргіштерден, шала пісірілген ет тағамдарынан, залалданған суды пайдаланғанда, жәндіктер шаққанда және ауадағы ауру қоздырғыштарымен тыныс алу арқылы жұқтыруы мүмкін.

Адам ағзасына ауру қоздырғыштары тері мен сілекейлі қабыршақ арқылы, тіпті жарақаттанбаған күйінде де өтіп кете алады. Жасырын кезеңі орташа 3-7 күн болып келеді, сол мерзім өткен арада, аурудың дене қызуы кенет 38-39о G, дейін көтеріледі. Басы қатты ауырып айналады. Аяқ, арқа, бел бұлшық еттері қақсап ауырып, тәбеті жоғалып, әлсіздік, қалтырау, тоңу сияқты белгілері пайда болады. Баспа белгілері орын алып, жақ асты, мойын, қолтық шап бездері ісінеді. Аурудың бірінші күннен бастап, беті қызарып, ақ қабық пайда болады, құрғақ жөтел басталады. Туляремияның басты белгілері – әр түрлі лимфа бездерінің ұлғаюы, яғни, көлемі ас бұршағынан грек жаңғағының көлеміне дейін жетеді. Егер ішек, бауыр, көкбауыр, лимфа бездері ісінсе, іштің ауруы байқалады. Ауру көбінесе 2-3 аптаға созылады (кейде одан да ұзақ болуы мүмкін), сирек жағдайда қайталануы мүмкін.

Алдын алудың маңызды шарасы – тулерямия жұқпасын тасушы кеміргіштерді жою:қоймалар мен құдықтардың жалпы санитариялық жағдайын жақсарту жұмыстарын тұрақты жүргізіп, аумақты қоқыс және қалдықтардан дер кезінде тазалап отыру керек.

Ең тиімді және басты шара – адамдарды жаппай егу. Екпе шаралары жеңіл және ауырсынусыз өтеді. 7 жастан бастап, әрбір 5 жыл сайын екпені қайталап отыру керек. Сонымен қатар ғимараттарда және ашық станцияларда міндетті түрде дератизациялық жұмыс өткізу қажет.

Н.ТАРАСОВА,
"Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Қоғамдық денсаулық сақтау комитетінің Қостанай облысы қоғамдық денсаулық сақтау Департаментінің Рудный қалалық қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы" РММ эпидемиологиялық қадағалау бөлімінің жетекші маманы.

ОҚИҒА

Бір күнде екі өрт

Қостанайда ескі көліктерді қабылдайтын пункт аумағында өрт болды. Оқиғаны облыстық төтенше жағдайлар қызметінің баспасөз хатшысы хабарлайды.

"Қостанайда 8 шілде күні сағат 20.00-де Әуежай шағын ауданында ашық алаңда ескі шиналар мен қоқыс өртенді. Жалын аумағы 100 шаршы метрді құрады. Құрбандар мен зардап шеккендер жоқ", – деді Төтенше жағдайлар комитетінің ресми өкілі Руслан Иманқұлов.

Жалынмен күреске 25 өрт сөндіруші мен 7 мамандандырылған техника, сондай-ақ өртке қарсы ерікті құрылымдардан 10 адам мен 3 техника жұмылдырылды.

Мейрамхана отқа оранды

Қостанай қаласындағы "Астам" мейрамханасы отқа оранды, деп хабарлайды облыстық төтенше жағдайлар департаментінің баспасөз қызметі. Өткен жексенбі күні сағат 17.30 шамасында облыс орталығындағы "Астам" мейрамханасынан өрт шықты. Өрт туралы облыстық ТЖД қызметіне мейрамхана күзетшілері хабар берген. Оқиға куәгерлерінің айтуынша, ғимарат ішіндегі адамдардың көбі оқшау жерге шығарылды. Олардың көбі – балалар. Белгілі болғандай, бүгін сағат 18:00-де мейрамханада үйлену тойы басталуы керек-тін. Алайда, жас жұбайлар "Астамға" өрт сөндірушілермен қатар келді. Облыстық ТЖД қызметі бұл оқиғаға қатысты ресми мәлімдеме жасаған. Қазіргі уақытта ғимарат аумағында 9 өрт сөндіру техникасы көмекке келді. Зардап шеккендер жоқ.

Оқыс оқиға

Қостанайда 7 шілдеде суға ағып бара жатқан әйелдерді құтқармақшы болған ер адам қаза тапты. Бұл фактіні облыстық төтенше жағдайлар департаментінің баспасөз қызметі растады.

"Адамдар шомылуға арналмаған жерде жүрген. Ол жер қауіпті болған. Бір күн бұрын Солтүстік өңірлік аэроұтқыр құтқару жасағының қызметкерлері рейстік іс-шарамен келіп, азаматтарға шомылу мен онда жүрудің қауіпті екендігін ескерткен. Куәгерлердің айтуынша, құтқарушылар кеткеннен кейін шомылғылары келді ме, әлде суретке түспекші болған ба, әйтеуір суға ағып кеткен. Оларды жағажайда отбасымен жүрген ер адам құтқармақ болған. Бірақ, ол шомылуға емес, демалуға келген. Ер адам әйелдерді құтқармақ болып, отбасының көз алдында өзі суға батып кеткен", – делінген баспасөз мәлімдесінде.

Еске салайық, Қостанай облысында биыл осындай 6 оқыс оқиға тіркелді. Бұдан бұрын хабарланғандай, өңірде 6 жасар бала мен 22 жастағы жігіт, сондай-ақ екі ер адам суға ағып кеткен еді.

Ш.АҢСАҒАНҚЫЗЫ.

Құтқарушылардың жұмысы көбейді

Жаз маусымында Арқалық қаласы ТЖ бөлімі мен құтқару жасағының қызметкерлері жергілікті су қоймаларына бірлескен күзет ұйымдастырды. Шараның басты мақсаты – демалушыларға судағы қауіпсіздік шараларын сақтауды ескерту.

Шомылу маусымы басталысымен құтқару жасағының мамандары қызметін күшейтті. Сақтандыру-түсіндіру жұмыстары, күн сайын, әсіресе су жағалауларында демалушылар саны көбейетін демалыс және мереке күндері жүйелі түрде жүргізіледі. Жазғы демалыс орындарына келушілерге нұсқаулықтар мен жадынама парақтары таратылады.

Мұның сыртында, қоғамдық орындар мен қоғамдық көліктердің ЛЕД-экрандарында, кәсіпорын және ұжым ғимараттарында шомылу маусымы мен балық аулау кезінде су қоймаларындағы қауіпсіздік тақырыбына арналған бейнероликтер көрсетіледі.

Өкінішке орай, азаматтардың біраз бөлігі судағы қауіпсіздіктің қарапайым ережелеріне мән бермейді. Тыйым салу белгілері орнатылған жерлерде шомылады, су қоймаларына балаларды жалғыз жібереді.

Арқалық қаласының Төтенше жағдайлар бөлімі тұрғындарды шомылу маусымы кезінде суға түскенде абай болуға шақырады. Егер сіз қапелімде қауіпті жағдайға ұшырасаңыз немесе сізге шұғыл көмек қажет болса, "112" – құтқару қызметінің телефон нөмірін теріңіз.

Екі баланы құтқарды

Солтүстік өңірлік аэроұтқыр жедел-құтқару жасағының қызметкерлері суға батып бара жатқан екі жасөспірімді құтқарып қалды. Бұл туралы облыстық төтенше жағдайлар департаментінің баспасөз қызметі хабарлайды.

"Құтқарушылар Олжас Әділбек пен Мадияр Ахатаев рейд барысында Тобыл өзенінен ағысқа қарсы жүзіп келе жатқан екі жасөспірімді байқап қалған. Олар көмек сұраған дауысты естіп, суға құтқару құралдарымен бірге түседі. Құтқарушылардың жылдам әрекет етуінің арқасында зардап шегушілер аман қалды", – делінген баспасөз хабарламасында.

Демалып жүрген жасөспірімдер бөгет асып суға шомылған. Бірақ, өзеннің тереңдігі мен ағыстың қаттылығын байқамаған. Олар өздіктерінен жағаға жете алмай, суға ағып бара жатқан.

Ш.АҢСАҒАНҚЫЗЫ.

ФОТОЭТЮД

Жазғы бақта

Фотоэтюдті түсірген Бағдат АХМЕТБЕКОВ.

Құттықтаймыз — Алтын той!

Төлеу-Дәметкен!

Бір шаңырақтың астында ғұмыр кешіп келе жатқандарыңа 50 жыл толыпты.

Алтын тойларың құтты болсын!

Осы уақыт ішінде бір-біріңе деген сезімдерің саф алтындай болды.

Қуаныш пен қайғы қатар жүреді деген. Қайғыны да, қиындықтарды да бірге қарсы алып, бір-біріңе демеу бола білдіңдер, бір-біріңді сыйлай білдіңдер. Өмір сендерді шыныықтырды. Дәкен, ата-енеңнің сүйікті келіні болып, үлкендерге өнегелі келін, жасы кішілерге аяулы жеңге бола білдің. Басқаларға үлгілі отбасы бола білдіңдер.

Ағаш жапырағымен, адам ұрпағымен көрікті. Қазіргі күнде жайқалған, көлеңкесін алысқа түсіретін бәйтерек ағаштайсыңдар. Мәуелей беріңдер, шөбере-шөпшек көріңдер. Қазір алтын тойларыңды тойлатып жатырмыз. Енді 10 жылдан кейінгі гауһар тойларыңның да куәсі болайық.

Отбасыларыңа береке-бірлік, бақыт, қуаныш тілейміз!

Той тойға ұлассын!



Тілек білдірушілер – сыныптастарың, Науырзым орта мектебінің алғашқы түлектері. (1967 ж.)

Құпиялы Құмкешуге сапар

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

"Қазыналы мекен – Қазақстан" жобасы аясында бекітілген жоспар бойынша Құмкешуге сапар ұйымдастырдық. Құмкешу – киелі мекен. Әріден тас ғасыры мен қола дәуірінің құндылықтарын бойына жасырған құтты өлкеде ерекше архитектуралық ескерткіштер – Өтеген тамы, Құлқу (Құлке деп те аталады) қажы кесенесі мен Күмісбай әулие бейіті орналасқан. Ұлт тарихында қанды ізін қалдырған Құмкешу қырғыны да осы жерде болған. Аумағында қазба орындары, Даудың обасы, Әли арығы мен Әулие-тұз сияқты қасиетті орындары көптеп саналатын бұл елден талай тұлғалар шыққан. Ұлт азаттығы үшін жанын шүберекке түйіп, жалаң қылышпен жауып тұрған оққа қарсы шапқан сарбаздардың ыстық қаны төгілген қасіретті қырқадан басталған экспедиция жұмысы жоғарыда аталған тарихи ескерткіштерге бағыт алды. Бұл экспедицияға мұражай қызметкерлерімен бірге "Шұғыла" орталығының өлкетанушы балалары мен аудан жастары қатысты. Зейнеткер ақсақал Балтабай Уахитов, Құмкешу ауылының тұрғыны, Өтеш молданың немересі Ихсан Қоқанбеков, Құлқу қажы жөнінде зерттеулерге жетекшілік жасап жүрген тарихшы мұғалім Серік Құрымбаев, "Шұғыла"қосымша білім беру орталығының директоры Ербол Қойшыбаев сынды азаматтар жастарға мол мағлұмат беріп, тарихи деректерге шолу жасады. Жас өрендерге рухани тәлім сыйлаған бұл сапар, жоспар бойынша Рахмет бағыты мен Кейкі батыр кесенесінде жалғасын табатын болады.

P/S: Құмкешудің құмын Дубайға теңеп жүретін, жолаушылар тоқтамай өтпейтін, суретке түспей кетпейтін құмды қыраттарда 1916 жылы 21 ақпанда Амангелді қолы подполковник Тургенев бастаған патшаның жазалаушы отрядымен соғыс жүргізгенін білер ме екен? Сіздің де есіңізде жүрсін! Қарақоға болысының алты ауылын шапқан Тургенев отрядына лайықты қарсылық көрсетіп, зор шығынға ұшыратқан жерлестеріміздің 33 сарбаз оққа ұшқан. Өткен ғасырдың 80-ші жылдары Құмкешу соғысы деп тарихқа енген қырғынға қатысты орнатылған жұпыны ескерткіш белгі бүгінгі күні мүлдем қараусыз қалған. Жолдың келесі бетіне, бейіттерден бөлек орынға арнайы белгі қойылса, өткен күннің белгісін айғақтап, бабалар ерлігін паш етіп тұрар айбынды ескерткішке айналар еді.

Сахан ТӨЛЕНОВ,
А.Иманов мемориалдық музейінің директоры.

Орақ тілдің Отары

Мұрат ЖҮНІСҰЛЫ

Арқалықтағы облыстық қазақ жасөспірімдер театрында белгілі айтыскер ақын Отар Нұрманғалиевті еске алу кеші өткізілді. Ізгілікті шараны "Айтыстың ақберені" атанған ақын Айбек Қалиев жүргізді.

Отар Нұрманғалиұлы – Жанкелдин ауданы, Көкалат ауылының тумасы. Тірі болғанда бұл күнде 73 жасқа келер еді. Жастайынан ақындық өнерімен аты шығып, көркемөнерпаздардың жетекшісіне айналды. Айтыста ат оздырып, есімі жазылған "К-700" тракторын мінгені ел есінде. Өмірінің соңғы жылдарын дін қызметіне арнады. Қалалық мешіт алқасының мүшесі болды.

Еске алу кешінде қала әкімінің орынбасары Түбекбай Әубәкіров, ел ақсақалдары Мираш қажы Тәшетов, Абдолла Жанғабылов, Шөптібай Байділдин, ҚР Мәдениет қайраткерлері Жұмағали Өмірбек, Бөлтірік Молдашевтар сөз сөйлеп, естеліктер айтты. Ақын, сазгер Болат Молдашев айтыстың мұзбалағына арнап шығарған "Жүрегімдесің мәңгілік" атты жаңа әнінің тұсауын кесті.

Шараның екінші бөлімі О.Нұрманғалиев атындағы аймақтық ақындар айтысына ұласып, аламанға түскен алты ақын жыр сүйер қауымның көзайымына айналды. Айтысты марқұммен қанаттас даңқы шыққан атақты айтыскер ақын Бүркіт Бекетов арнау жырымен бастап берді.

Айтыскерлердің ішінде Тоба Өтепбаев, Батырлан Сағынтаев сынды топжарған ақындар төбе көрсетті. Айтысқа алғаш рет шығып, әкесінің атындағы жыр додасында жап-жақсы өнер көрсеткен Алтынай Отарқызын да айта кетуге болады. Тұңғыш рет өтіп отырған шара болғандықтан ақындарға "Алюминқұрылыс" ЖШС демеушілігімен барлығына бірдей сый-сияпат көрсетілді.

Арқалық қаласы.

Спартакиада ауылы алыс емес

Шұға ҚОҢҚАБАЙ

Биыл Қостанай облысының "Тың-Целина-2018" спартакиадасы Лисаков қаласында 16-19 тамыз аралығында өтеді. 33-ші рет жалауын көтергелі отырған байрақты дода жас шаһардың қала күні мерекесімен тұспа-тұс келіп отыр. Қазіргі таңда спорттық жарыстарды өткізудің барлық қаржылық мәселесі шешіліп қойған. Бұл туралы аймақтық әкімдікте өңір басшысы А.Мұхамбетовтің жетекшілік етуімен және аудан-қала әкімдерінің онлайн қатысумен өткен селекторлық кеңесте облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Е.Вильямс баяндады.

– Спорттық жарыстарды өткізуге 44,7 миллион теңге жоспарланса, оның 17 миллионы аудан-қалалардың бюджетінен, 27,7 миллионы облыстық бюджеттен Лисаков қалалық әкімдігіне спорттық жабдықтар алуға бөлініп отыр. Жыл сайын салауатты өмір салтын ұстанып, спортқа бет бұрып, додалы жарысқа қатысушылар саны артып келеді. Қазіргі таңда аймағымызда спортпен шұғылданатындар саны 261 мыңға жетіп, барлық тұрғындардың 30%-ын құрап отыр. Мәселен, өткен жылы Рудныйда болған спартакиадаға 42,8 мыңнан астам адам қатысқан. Ал, биыл олардың саны 43 мыңнан асады деп жоспарлануда. Бұл халықтың бұқаралық спортқа деген оң көзқарасын қалыптастырады, – деді Е.Вильямс.

Биылғы спартакиадада спорттың 18 түрінен жүлделер сарапқа салынады. Олар баскетбол (ерлер мен әйелдер), волейбол (ерлер мен әйелдер), футбол, жеңіл атлетика, Президент көпсайысы, қазақ күресі, тоғызқұмалақ, шахмат, еркін және әйелдер күресі, грек-рим, дзюдо (ерлер мен әйелдер), гір көтеру спорты, үстел теннисі, пневматикалық винтовкадан ату.

Меншік иесі:

"Қостанай таңы" газеті редакциясы" ЖШС

Директор-Бас редактор Жанұзақ АЯЗБЕКОВ

Директор-бас редактордың қабылдау бөлмесі: 54-12-66, факс: 54-99-69
Директор-бас редактордың орынбасары: 54-84-44
Жауапты хатшы: 54-67-65
Бөлім редакторы: 54-79-68, 54-28-42

Бөлімдер:
Қоғамдық-саяси, экономика: 54-79-68
Әлеумет, білім, мәдениет: 54-28-42
Социологиялық зерттеу орталығы: 54-53-21, 39-26-25
Жарнама бергіңіз келсе: 39-26-88, 54-33-22

Бухгалтерия: 54-99-88, 39-26-88
Компьютер орталығы: 54-54-45
Корректура: 54-34-49

Меншікті тілшілер:
Арқалықта: 7-55-91
Аманкелдіде: 2-17-40
Жанкелдинде: 2-10-75, 5-00-02
Рудныйда: 8-714-31-2-72-56
Сарыкөлде: 2-25-17

Редакцияның мекенжайы: 110000, Қостанай қаласы, Әл-Фараби даңғылы, 90

Газетте жарық көрген оқырман пікірі редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейді. Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, оны қайтармайды. Үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды. "Қостанай таңында" жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауап береді.
Редакция авторлар мақаласының мазмұнына жауап бермейді.
Ⓐ – ақылы жарияланым.
Газет аптасына үш рет шығады.
Газет Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігінде 28.04.2016 жылы тіркеліп, № 15979-Г куәлігі берілген.
Газет "Қостанай таңының" компьютер орталығында теріліп, беттелді. Офсеттік басылым. "Костанайполиграфия" ЖШС баспаханасы.
Мекенжайы: С.Мәуленов көшесі, 16.
Бағасы келісім бойынша.

Таралымы 9054. Тапсырыс 2044. Нөмірдің кезекші редакторы Қасқырбай ҚОЙШЫМАНОВ.